

## Жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 наурызда № 32024 болып тіркелді

"Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 12-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

Д. Қыдырәлі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
коргау министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрі  
2023 жылғы 3 наурыздағы  
№ 92 бұйрығымен  
бекітілген

## **Жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 12-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жастар еңбек жасақтары – уақытша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар шеңберіндегі жастар бірлестіктері;

2) уақытша бос жүрген жастар – жастардың уақытша жұмыс істемейтін, білім беру ұйымдарында білім алмайтын немесе кәсіптік даярлықтан, қайта даярлаудан өтпейтін, жұмыспен қамту және білім беру саласынан тыс болған.

3. Жастардың еңбек жасақтары жастарды, уақытша бос жүрген жастарды уақытша жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

4. Жастар еңбек жасақтары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Қағидаларды басшылыққа алады.

### **2-тaraу. Жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу тәртібі**

#### **1-параграф. Жастар еңбек жасақтарын құру тәртібі**

5. Жастар еңбек жасақтарын жастар ресурстық орталықтары жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша жастардың өтінімдері негізінде ұйымдастырады.

6. Жастар еңбек жасақтарына қатысу үшін өтінімдерді Қазақстан Республикасының 14 (он төрт) жастан 35 (отыз бес) жасқа дейінгі азаматтары және/немесе олардың заңды өкілдері жастар ресурстық орталықтарына мынадай тәсілдердің бірімен береді:

1) қолма-қол;

2) "EL JASTARY" интернет-ресурсында көрсетілген жастар ресурстық орталығының электрондық мекенжайына жіберіледі.

7. Жастар еңбек жасақтарына қатысу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) кәмелетке толмаған азаматтар үшін ата-аналарының бірінің не занды өкілдерінің жазбаша келісімі;

5) сottылығының болуы не болмауы туралы анықтама;

6) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) туберкулезге қарсы ұйымнан анықтама.

8. Жастар ресурстық орталықтары ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және 10 (он) және одан да көп өтінім түскен кезде жастар еңбек жасақтарының құрамына енгізу үшін тізімдер қалыптастырады.

9. Жастар еңбек жасақтары кәмелетке толмағандар мен кәмелетке толған азаматтарды бөле отырып, бір жас қағидаты бойынша жинақталады.

10. Жастар ресурстық орталықтары тізімдерді жастар еңбек жасақтарының құрамына енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

11. Жергілікті атқарушы органдар тізімдер негізінде жастар еңбек жасақтарының құрамына енгізу үшін өз шешімімен жастар еңбек жасақтарын құрайды.

## **2-параграф. Жастар еңбек жасақтарының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету**

12. Жастар ресурстық орталықтары жастар еңбек жасақтарының жұмысын:

1) жастар еңбек жасақтарының құрамына енгізу үшін тізімдер қалыптастыру;

2) жастар еңбек жасағының жұмысын ұйымдастыруға жауапты жастар еңбек жасағының басшысын тағайындау арқылы ұйымдастырады.

13. Жастар еңбек жасағының басшысы волонтерлік қызметті есепке алу тізілімінде тұрған волонтерлер қатарынан жастар ресурстық орталығы басшысының бүйрекімен тағайындалады.

14. Жастар еңбек жасағының басшысы жергілікті атқарушы орган бекітетін нысан бойынша жастар еңбек жасағының жұмыс жоспарын жасайды.

15. Жастар еңбек жасақтары өз қызметін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) көшелерді, скверлер мен саябақтарды абаттандыру;

2) аумақтарды көгалдандыру;

3) бос уақытты ұйымдастыру бойынша жұмыс, мәдени-бұқаралық іс-шараларды еткізу және оған қатысу;

4) жастардың қажеттіліктері мен мұдделері негізінде Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келмейтін өзге де бағыттарды қамтиды.

16. Жастар еңбек жасақтарының қызметі Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жастар еңбек жасақтарының қатысушылары зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарға, сондай-ақ оларды орындау олардың денсаулығы мен адамгершілік дамуына зиян келтіретін жұмыстарға жіберілмейді.

17. Жастар еңбек жасақтары жұмысының ұзақтығы құнтізбелік айды құрайды.

Қажет болған жағдайда жастар еңбек жасақтарының жұмыс ұзақтығын жергілікті атқарушы органдар ұзартады не қысқартады.

Жастар еңбек жасақтарына қатысушылардың құнделікті жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады.

18. Жастар еңбек жасақтары жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылады.

19. Жергілікті атқарушы органдар жастар еңбек жасақтарына қатысатын азаматтармен еңбек шартын жасайды.

20. Жастар еңбек жасақтарының қызметіне қатысатын азаматтардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және еңбек шартымен реттеледі.

### **3-параграф. Жастар еңбек жасақтары қызметінің мониторингі**

21. Жастар еңбек жасақтары қызметінің мониторингі жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саясатын іске асыруды ақпараттық қолдау мақсатында жүргізіледі.

22. Жастар еңбек жасақтары қызметінің мониторингін жергілікті атқарушы органдар статистикалық және талдамалық деректер кешені негізінде жастар жұмыссыздығы деңгейін төмендету нәтижелерін бақылау арқылы жүзеге асырады.

23. Жастар еңбек жасақтары қызметінің мониторинг нәтижелерін жергілікті атқарушы органдар жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірмей мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) жолдайды.

24. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасындағы жастардың даму индексінің қорытындылары туралы ақпаратты қалыптастыру кезінде жастар еңбек жасақтары қызметінің мониторингінің нәтижелерін пайдаланады.

Қазақстан Республикасы  
Акпарат және қоғамдық

даму министрі

2023 жылғы 3 наурыздағы

№ 92

Жастар еңбек жасақтарын

құру, ұйымдастыру,

қамтамасыз ету,

сондай-ақ олардың

қызметіне мониторинг

жүргізу қағидаларына

1-косымша

Нысан

### **Жастар еңбек жасағына қатысуға өтініш**

(тегі, аты, әкесінің аты бар болса)

мені жастар еңбек жасағына қабылдауызызды сұраймын.

Өтінішке келесі құжаттарды қосамын:

- 1) жеке басын қуәландыратын құжат, құжаттың көшірмесі;
- 2) сауалнама
- 3) кәмелетке толмаған азаматтар үшін ата-аналарының бірінің не занды өкілдерінің жазбаша келісімі;
- 4) соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама; 5) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;
- 6) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 7) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) туберкулезге қарсы ұйымнан анықтама.

---

күні

қолы

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық

даму министрі

2023 жылғы 3 наурыздағы

№ 92

Жастар еңбек жасақтарын  
құру, ұйымдастыру,  
қамтамасыз ету,  
сондай-ақ олардың  
қызметіне мониторинг  
жүргізу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

### **Жастар еңбек жасағына қатысу үшін сауалнама**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_.
2. Тұған күні \_\_\_\_\_.  
3. Жұмыстың кейбір түрлеріне қарсы көрсетілімдер туралы ақпарат: \_\_\_\_\_.
4. Жұмыс бағыттары бойынша артықшылықтар \_\_\_\_\_.